



JOURNAL OF SOCIAL, HUMANITIES AND ADMINISTRATIVE SCIENCES

Open Access Refereed E-Journal & Refereed & Indexed
ISSN 2630-6417



Article Arrival Date: 09.06.2018

Published Date: 31.10.2018

Vol 4/ Issue 11 / pp: 150-154

Түркі Халықтары Танымындағы «Уақыт» Мәселесі

The Problem Of Time In The Representation Of The Turkic Peoples

Bakhytgul MOLDAGALI

Bahados_@mail.ru

Innovative University of Eurasia, Pavlodar, Kazakhstan

Zhetpisbai Aliya KOZHAMURATOVNA

a_kanzhygaly@mail.ru

Manar ESENTAI

e-manar@mail.ru

Khovda University Ms.-Olga Branch, Ms. Olgey, Mongolia

Pavlodar State Pedagogical Institute

Pavlodar, Kazakhstan

Sarybayeva Bayan ZHUMASHEVNA

Bayanjan73@mail.ru, Pavlodar State Pedagogical Institute, Pavlodar, Kazakhstan

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада түрік халқының танымында дүние жаратылысы жөніндегі мифологиялық түсінігі бойынша әлем кеңістігі, күннің батуы мен шығуына орай бөліндісі қарастырылады. Бұндай бөлу қазіргі күнде де мәнісін жойған жоқ. Дүниенің төрт бұрышы деп бөлу осыдан қалса керек. Сонымен қатар, түркі халықтардың танымында уақыт пен кеңістік категорияларына жеті күндік апта, төрт апталық ай, он екі айлық жыл және он екі жылдық мүшел циклдары кіретіндігі тілдік фразеологиялық бірліктер арқылы берілген. Түбі бір түркі тілдерінің негізгі дыбыстық сипаты мен сөздік қорларында, сөздік құрамы мен негізгі тілдік жүйесінде айырмашылықтан гөрі ұқсастықтар мол болуы заңды, туыстас тілдердің өзгеруі, дамуы, қалыптасуы заңдылықтары да ортақ. Осы себепті кез-келген түркі тілінің тілдік даму желісі мен жүйесін, сөздік құрамы мен құрылымының даму заңдылықтарын бір-бірінен оқшау қарастыруға болмайды.

Қазақ танымында қалыптасқан, бейнелі тәсілмен дүниеге келген «уақыт» ұғымы әр халықтың өмір тіршілігіне, әдет-ғұрыпына, дүниетанымына байланысты қалыптасқан. Ислам діні кіргеннен кейін діни тұрғыға байланысты айтылатын, уақытты білдіретін өлшемдер қалыптасты. Ол өлшемдер күні бүгінге дейін діни ұстанымдарда, яғни намаз оқу, ораза ұстау т.б. қатысты қолданылады. Осы орайда Бес уақыт намаз: таң (Бамдат) (таң қылаң бере таң намазын оқитын кез), күннің еңкейген мезгілін бесін (бесін намазын оқитын кез) деп атаған, екінді (түс ауып, күн батуға жақындаған мезгіл, бесін мен ақшам арасы), Ақшам (күн еңкейіп, ұясына кіруге таяған кез), Құптан (түн уақыты), ораза ұстау: ауыз ашар кез (күн ұясына кіргеннен кейінгі уақыт), сәресі (таңғы уақыт, шамамен сағат 4-5 арасы) т.б. деп күн уақыттарын бөліп қарайды. Бұл тек қазақ ұлтына ғана емес күллі түркі тектес мұсылман халықтар танымындағы уақыт өлшемі. жыл санау түркі тілдес халықтарының жас ұғымымен де тікелей байланысады.

Кілттік сөздер: Түркі Халықтары Танымындағы

ABSTRACT

This article examines mythological conceptions of the world according to the Turkish people on the basis of their understanding of space and time. They viewed the world as divided into four corners – a division which persists to this day. Moreover, in the knowledge of the Turkic nations, the phraseology of the time and space is represented by seven-day weeks, twelve four-week months, and twelve-year-old cycles. There is a general law of common Turkic languages, vocabularies, and basic linguistic systems, as well as a similarity between the laws of change, development, and formation of relative languages. For this reason, the laws of development for the linguistic network, system, vocabulary, and structure of any Turkic language can not be separated one from another.

The concept of "time" that is formed in a figurative manner in the Kazakh identity is based on the lifestyle, customs and perceptions of each nation. After the introduction of Islam, there were criteria that reflected the time of religious affiliation. It is a criterion applicable to today's religious beliefs, namely prayer, fasting, and so on.. Here are five times of prayer: 1) morning (Bam'dad), which is the time when the sun is rising, the moment when the sun appears above the horizon, 2) noon, the moment when the sun is directly above, 3) the sunset, (when the sun stands, when it is near the horizon), 4) Fasting (night time), fasting time (time after the sun has set), 5) breakfast (about 4-5 o'clock in the morning) as they say.

This is not just the Kazakh nation, but the conception of time in the knowledge of all Turkic-speaking Muslim peoples. The year count is also directly related to the conception of the early Turkic-speaking peoples.

Key words: Representation, Turkic people

Тілдің тарихы мен дамуы қоғамның дамуымен тікелей байланысты. Қоғамдық құбылыс ретіндегі діннің жандануы, ағартушылық идеяның, рухани жаңару мәселесінің дәуірдің ең өзекті проблемасына айналуы Шығыс дәстүрлерінің қайта жандануына әкеліп отыратыны байқалады. Орта ғасырлардағы түркі даласындағы рухани оянушылық пен ХІХ ғасырдың ІІ жартысы мен ХХІ ғасырдың басындағы қоғамдық құбылыс соңғы бір ғасырдың көлеміндегі қоғамымызда болып жатқан саяси-мәдени құбылыстармен үндеседі. Қоғамдық құбылыстардың бірі – ислам дінінің жандануы, араб, парсы тілдерінің ықпалын күшейтіп, осы тілдерден енген кірме элементтердің қолданылу аясын кеңейтті.

Түбі бір түркі тілдерінің негізгі дыбыстық сипаты мен сөздік қорларында, сөздік құрамы мен негізгі тілдік жүйесінде айырмашылықтан гөрі ұқсастықтар мол болуы заңды құбылыс. Демек, туыстас тілдердің өзгеруі, дамуы, қалыптасуы заңдылықтары да ортақ. Осы себепті кез-келген түркі тілінің тілдік даму желісі мен жүйесін, сөздік құрамы мен құрылымының даму заңдылықтарын бір-бірінен оқшау қарастыруға болмайды.

Шетелдік тіл білімінде түркі тілдерін тарихи салыстырмалы бағытта Г.И. Рамстедт, В.Банг, А.Н. Кононов, Н.А. Баскаков, П.М. Мелиоранский, С.Е. Малов т.б. ғалымдар зерттеп, әр түрлі ғылыми-теориялық пікірлер айтқан. Мәселен, түрколог-ғалым Н.А. Баскаков «Алтайская семья и его изучения» атты еңбегінде: «Орал тілдерін фиктор-самодер десе, Алтай тілдерін түркі-монгол, тұңғыс-маньчжур, жапон-корей» [1.6-7] дейді. Ал Алтайста ғалымдардың еңбегінде түркі тілдері кең сипатта зерттеу нысанасына айналмағанымен, жалпы теориялық бағытта бірқыдыру пікірлер айтылады.

Ал отандық ғалымдардан М. Томанов, Ғ.Айдаров, Ә. Қайдар, М. Оразов, Т. Қордабаев, Ш. Сарыбаев, Қ. Сартқожаұлы т.б. еңбектерін атап кету орынды.

Ғалым Ә. Хасенов түркі тілдердің генологиялық классификациясын сараптай келе: «Қазіргі түркі тобында қарық шақты «ірілі-ұсақты» тіл бар» [2.367] деп тұжырымдайды. Бір тілдің екінші бір тілге әсер етуін Ж.Аймауытов заңды құбылыс деп есептей келе: «...қай ел болса да көрші елдердің тіл әсерінен сау емес. Мәселен, бөкейлікте татардың, арабтың, парсының, орыстың әсері көбірек болған: дінбасылар, қызметбасылар сол елдермен көп араласқан. Жетісу мен Сырдарияда өзбектің әсері бар, Қостанайда орыс-ноғайдың әсері мол. Семей, Ақмолада араб-парсы тілдерінен әсер бар. Қысқасы, бір жағы діннің, екінші жағынан өкіметтің, тұрмыстың ықпалымен жаттап жапсырып алған тілдер әр елде бар. Айта берсек, нағыз қазақтікі дерлік таза тіл аз болып қалады. Тілдің бірталайы арабтікі, парсінікі, қалмақтікі болып шығады» [1.17] десе, академик Н.Сауранбаев: «Шығыс тілдерінен қамтылған сөздер қазақ тілінің ішкі тұрақты заңына бағынып, қазақыланып кеткен. Олардың қазақыланғаны соншалық – қазіргі қазақ тілінде сөйлеушілер басқа тілден енген деп түсінбейді, қазақ тілінің сөздік құрамындағы қазақ сөзі деп түсінеді» [2.75] деп өз тұжырымын алға тартады. Шынында, бүгінгі таңда да кірме сөздерді қазақтың төл сөздерінен айыру қиын. Өйткені, олардың көбі қазақ тілінің заңдылығына бағынып кеткен. Кірме сөздердің мағыналық жақтан өзгеруі жөнінде араб тілінің маманы Сәуле Кеңесбаева өз пікірін білдіреді: «Құрылымы басқа-

басқа тілдерге сөз ауысқанда, ондай сөздер өзінің бастапқы мағынасынан мүлде айырылып, екінші бір мағынаға ие болады. Кейде көп мағыналы сөздің бір-ақ мағынасы қабылданады. Мәселен, «тариб» деген сөзі «дәрігер», «балгер» деген мағынаны білдірсе, қазақ тілінде «тәуіп» болып өзгеріп бір-ақ мағынада қолданған» [3.26] – дей келіп, бір тілден екінші тілге сөз ауысу әрқашан болып тұратын құбылыс және тіл лексикасы баюының негізгі тәсілдерінің бірі екенін көрсетсе, зерттеуші В.А.Шнайдер: «Байырғы қазақ тілі кірме сөздерді қабылдауда өз төл тіліндегі дыбысталу қалпында өте сирек сақталған. Көбінесе қазақ тіліне бейімделіп, түрленген тұлғасын ғана қабылдап отырған. Ол негізінен екі басқа тілдердің дыбыстық жүйесі, грамматикалық құрылым ерекшеліктерінен туындаған жай болып табылатындығын айтады» [4.14-15].

«Арабша-қазақша түсіндірме сөздікті» жасаған Н.Оңдасынов: «Халықтың әр түрлі себептерімен бір-бірімен үнемі араласып кеткені адамзаттың сонау көне тарихынан белгілі. Мұның өзі олардың тіл байлықтарын арттыра түсуге үлкен әсер етіп отырған. Бұған барлық халықтың тілі, оның ішінде қазақ тілі де куә. Демек «таза» тіл деген жоқ, ол болмақ та емес. Ондай тілді іздеп арамтер болудың тіпті қажеті жоқ» [5.3] - десе, ғалым Л.З.Рүстемов: «Өзінің лексикалық құрамында шеттен алынған кірме элементтері жоқ, мүлдем «таза» тіл өмірде болған емес. Мұндай тілді іздеу қоғамның материалистік даму заңдылықтарына қайшы келер еді. Әйтсе де әлемдегі көпшілік тілдердің негізгі сөздік құрамы сол тілдердің өзіне тән лексикалық элементтері болып келеді» [6.12] - деп Н.Оңдасынов пікірін толықтырған.

«Қазақпен тілі тамырлас басқа елдерді алсақ, қазақ тілі мен ХІХ ғасырдың бірінші жарымындағы әдебиеті өзінің негізіндегі тазалығымен ерекше орын алды» – дей келе, Қ. Жұмалиев, өз ойын былай жалғастырады: «дегенмен де, ислам дінін алған елдердің қайсысына болсын, араб-парсы тілдері бірінде аз, екіншісінде көп, әйтеуір із қалдырғаны сөзсіз. Қазақ елінің ауыз әдебиеті, ХІХ ғасырдың алғашқы жарымындағы әдебиетін басқа түрі елдерімен салыстырғанда анағұрлым таза, анағұрлым өзінің ұлттық тұлғасын берік сақтады десек те, кейбір араб-парсы сөздері тіпті әріректегі ауыз әдебиеті нұсқаларында да бірен-сараң кездеседі» [7.20].

Бұл пікірді ғалым Р.Сыздықова: «Н.К. Дмитриевтің түркі тілдерін арабыланған (арабизированные) және арабыланбаған (неарабизированные) деп екіге бөлгені бойынша қарасақ, біздіңше, қазақ тілі алғашқы топқа әбден жатады. Өйткені ислам діні етек жайған ХІХ ғасырда ғана емес, одан да көп бұрын қазақ тілі сөздік құрамында қыруар шығыс сөздері болғаны аян» [8.74] – дейді.

Қазақ танымында қалыптасқан, бейнелі тәсілмен дүниеге келген «уақыт» ұғымы әр халықтың өмір тіршілігіне, әдет-ғұрыпына, дүниетанымына байланысты қалыптасқан. Ислам діні кіргеннен кейін діни тұрғыға байланысты айтылатын, уақытты білдіретін өлшемдер қалыптасты. Ол өлшемдер күні бүгінге дейін діни ұстанымдарда, яғни намаз оқу, ораза ұстау т.б. қатысты қолданылады. Мысалы, Бес уақыт намаз: *таң (Бамдат)* (таң қылаң бере таң намазын оқитын кез), күннің еңкейген мезгілін *бесін* (бесін намазын оқитын кез) деп атаған, *екінді* (түс ауып, күн батуға жақындаған мезгіл, бесін мен ақшам арасы), *Ақшам* (күн еңкейіп, ұясына кіруге таяған кез), *Құптан* (түн уақыты), ораза ұстау: *ауыз ашар кез* (күн ұясына кіргеннен кейінгі уақыт), *сәресі* (таңғы уақыт, шамамен сағат 4-5 арасы) т.б. деп күн уақыттарын бөліп қарайды. Бұл тек қазақ ұлтына ғана емес күллі түркі тектес мұсылман халықтар танымындағы уақыт өлшемі.

Түрік халқы үшін уақыттың көз ілеспес жылдамдығы, оны босқа өткізбеуді, өмірді өксітпеуді, оны тек пайдалы істерге арнауды уағыздайтын тілдерінде уақытқа қатысты - *Vakit nakittir* (Уақыт – ақша). *Vakitsiz öten horozun başını keserler* (Уақытсыз сайраған қораздың басын кеседі, яғни әр нәрсе өз уақытымен болуы тиіс) мақал-мәтелдері уақытты ұтымды пайдаланып, тынбай еңбек етсең, мол қазынаға кенелесің деген ұғыммен уақыттың негізінде қалыптасқан. «Қазақ және түрік тілдеріндегі халықтық өлшем атауларының этнолингвистикалық сипаты»

атты зерттеуші Г. Сарбасова тарапынан қорғалған кандидаттық диссертациясында [9] кеңінен қарастырылған.

Уақыт концептіні құрауға күрделі атаулар қазақи танымның, ұлттың болмыстың, әлеуметтік-экономикалық тұрмыстың, рухани мәдениеттің ерекшеліктерін көрсететін мынадай күрделі атаулар қатысады: он екі сәт, үш бунақ, бес қонақ және т.б.

Он екі сәт – «ұзақ мерзім» дегенді білдіреді [10, 108]. Мысалы, *-О, бұл қой әлі ем болғанша мың бір әлем он екі сәт. Мұнан қашан әкетеді? Ем комбинатына апарған күні қабылдай қоя ма, жоқ па?* (Нұқасым Қазыбеков. Хат. – Жұлдыз, 1986, 127 б), - деген әңгіменің үзіндісінде он екі сәт күрделі атауы мың бір әлем тіркесімен бірге ұзақ мерзім деген сөзді білдіріп тұр. Бұл жерде аталған күрделі сөз үстірт мағынада қолданылса, он екі сәт сөзінің байырғы нақты мағынасын екінші бірі біле бермейді, сондықтан оның шын мәнінде білдірген тілдің мағынасы астырт мағынаға жатады. Осы мағынаны Н.Уәлиев былай анықтайды: «Қазақтың халық календарын зерттеуші ғалымдарымыздың бірі – М.Ысқақов кейбір түркі халықтары, оның ішінде ұйғырлар тәулікті он екі шаққа (сағат) бөлген деген Ұлықбектің мағұлыматына назар аударады (М.Ысқақов. Халық календары. 1980, 220-бет). Тәулікті он екі шаққа бөліп, оны он екі жыл атауымен атау монғол халықтарында да бар: 1) хулгана цаг – тышқан шақ, 2) ухер цаг – сиыр шақ, 3) бар цаг – барыс шақ, 4) туулай цаг – қоян шақ, 5) луу цаг – ұлу шақ, 6) моғай цаг – жылан шақ, 7) морин цаг – жылқы шақ, 8) хонин цаг – қой шақ, 9) бичин цаг – мешін шақ, 10) тахиа цаг – тауық шақ, 11) ноой цаг – ит шақ, 12) гахай цаг – доңыз шақ [11].

«...Түркі халықтарының жыл санауындағы он екі мүшенің бірі. Түркілер он екі жылды он екі хаюанның атымен атайды. Балаларының жасы мен өткен күндердегі соғыс тарихын, сол сияқты түрлі есте тұтар шақтарыды жылдардың айналуымен есептейді» [12.29]. Демек, жыл санау түркі тілдес халықтарының жас ұғымымен де тікелей байланысады. Әр жас ерекшеліктің мүшел санауы арқылы уақытты да белгілеп отырған.

Үш бунақ. Қазақтарда және тағы да басқа түркілерде бір жылды үшке бөліп қарастырумен туындаған уақыт ұғымы. Сонымен қатар, шаруашылыққа байланысты туындаған уақыт ұғымы. Есепшілер шаруашылықты ауа-райымен сабақтастырып жүргізу үшін бір жылды 120 күннен тұратын үш бунаққа бөлген. Үш бунақтың алғашқысы бас бунақты шаруалардың тілінде *қара қатқақ* деп те атайды. Орта бунақта шөп қуаты басына шығады. Аяқ бунақ қазанның тоғызынан ақпанның тоғызына дейінгі уақыт. Малшылар бұл мерзімде «күйек шешіп», жылқыны тебінге түсіреді.

Бес қонақ. Түркі халықтары танымдындағы жаз бен күз мезгілі арасында болатын ызғырық, суық күн. Бес қонақ күрделі атауы тоғау есебіне байланысты: бірінші қонақ 31 наурызда, қазіргі күнтізбе бойынша 21 сәуір – көктем мейрамы, еңбек мерекесі; екінші қонақ 31 мамыр, қазіргі 22 маусым-жаз мерекесі; үшінші қонақ 31 маусым, қазіргі 22 шілде – ақын, өнер, парасат күні; төртінші қонақ 31 шілде, қазір 22 тамыз – тіл мерекесі және ұлттық дәстүр күні; бесінші қонақ 31 тамыз, қазіргі 22 қыркүйек – күз мейрамы, сабантой [10, 21].

Бес күндік пәни – шектеулі ғұмыр дегенді білдіреді. «Бес күндік» деген «қысқа» мағынасында жұмсалып, жалған дүние, адамның жарық дүниеге келіп, о дүниеге аттану аралығында уақыт өлшемін білдіреді. Бір жағынан бұл күрделі атау «дін» концептісіне «діни уақыт» өлшемі ұғымына да келеді. Сондай-ақ, бес уақыт намаз. Сонымен қатар, түркі тілдес халықтар ұғымында киіз үйдің шеңберлі болуы, оның әр орнының өзі халықтың жылсанағы бойынша жыл қайырумен тікелей байланысты. Бұл жөнінде философия ғалым Т. Ғабитовтың [13] еңбегінде баяндалады. А. Ока өз еңбегінде киіз үй уығымен уақытты белгілегендігі туралы былай дейді: «... Осылай ағашы үнемделген, қолданылу мерзімі ұзарған, сапалы және мал-шаруашылығы үшін ыңғайлы үйдің түрі пайда болды. Әсіресе, уықтың түзу, тік болуы үйді күн сағатымен үйлестірді. Уықты күнсағатының тілі ретінде пайдалану мүмкіндігінің тууымен уық дамуының үшінші сатысы басталды... Моңғолдардың ерте кезде түзу уықтың ұшын

керітіп белгілеуі, оны жасыл бояумен бояуы, бұл халықта күн сағатының жақсы дамығандығын көрсетеді. Яғни, күн сәулесінің уық ұшынан кереге басына дейін ауысу сәті, сол күндегі мерзімді дәлме-дәл өлшеуге көмектескен. Ал қазақтар арасында уақытты есептеу көбіне шаңырақтан түскен күннің жүрген жолымен есептеген [14, 161 б.] – деп жазған. Ал бұл түсінік көшпелі қазақ ұғымына да тән.

Сонымен қорытындылай келе, түркі тілдес халықтардың танымындағы «уақыт» ұғымының қолдану аясының семантикасын ескере отыра, мәселен, дәстүрлі уақыттың түп-түзу желілік емес, ритмдік, циклдік өлшемін пайдаланады: минут, сағат, секунд сияқты уақыттың тура өлшемдері орнына қазақтар «ат шаптырым», «ет асым», «сүт пісірім», «шай қайнатым», «бие сауым», сондай-ақ ай атауларында: «көкек» - құстардың оралу уақыты, «мамыр» - жаңару кезеңі, «отамалы» - мал барынша тойынды, «қазан» - шөптің таусылуы, «қаңтар» - күннің қысқарылуы, қаңтарылуы деген мағынаны білдіретін лексикалық бірліктерді қолданғаны мәлім. Ендеше, кеңістіктің аясындағы уақыттың белгілі бір өлшем бірліктер арқылы берілуі заман ағымына сай.

Әдебиеттер

1. Есеналиева Ж.Ж. Абай шығармаларындағы араб-парсы сөздерінің қолданылу ерекшелігі //кандидаттық дисс. қолжазбасы. - Алматы, 1993 - 130 б.
2. Сауранбаев Н. Проблемы казахского языкознания. – Алма-ата, 1982
3. Кеңесбаева С. Қазақ тіліне араб-иран елдігінен ауысқан сөздер.// Қазақстан мектебі, 1964, №1
4. Шнайдер. В.А. В.В Радлов және қазіргі қазақ тілі фонетикасы.// филол. ғыл. канд. ғылыми дәреже. алу үшін дисс. Афтореферат.- Алматы, 2003.-346
5. Оңдасынов Н. Арабша-қазақша түсіндірме сөздік. – Алматы: Мектеп, 1989 – 286 б.
6. Рүстемов Л.З. Қазіргі қазақ тіліндегі араб-парсы кірме сөздері. –Алматы: Ғылым, 1982.- 160 б.
7. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы: Ғылым, 1960. – 247 б.
8. Сыздықова Р. Абай шығармасының тілі. – Алматы, 1968
9. Сарбасова Г. Қазақ және түрік тілдеріндегі халықтық өлшем атауларының этнолингвистикалық сипаты.// филол. ғыл. канд. ғылыми дәреже. алу үшін дисс. Афтореферат.- Алматы, 2009.-346
10. Уәлиев Н. Сөз мәдениеті. Алматы: Мектеп, 1984. -107
11. Базылхан Б. Монғолша – қазақша сөздік. Улан батор – Өлгий, 1984, 880б.
12. Махмуд Қашкари. Түбі бір түркі тілі («Диуани лұғат ит-турк») – Алматы, «Ана тілі», 1993. – 192б
13. Ғабитов Т., МүтәліповЖ., Құлсариева А. Мәдениеттану негіздері: Оқулық. – Алматы: Дәнекер, 2002. 180бет
14. Ока А. Қазақтың киіз үйінің негізгі бөлігі – уық.// Б.Әбілқасымұлының 70 жылдығына арнайы ұйымдастырылған ғылыми теориялық конференция материалдары. – Алматы: Арыс, 2001. 159-163 бб.